

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1283 Қаулысы
«2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан
Республикасының 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және
оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне «Алтын алқа», «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлеу үшін 2010 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 1497412000 (бір миллиард төрт жүз тоқсан жеті миллион төрт жүз он екі мың) теңге сомада қаражат бөлінсін.
2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулы кол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов